



2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарттан туындайтын халықаралық міндеттемелерді ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

2010 жылғы 5 шілдедегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының статутына (бұдан әрі – Статут) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Статуттың 14-бабы 2-тармағының в) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

:

«в) шаруашылық жүргізуші субъектілердің өтініші бойынша қарайды».

2. Статуттың 14-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шаруашылық жүргізуші субъектілер Сотқа 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Кеден одағы шеңберіндегі даулар бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына жүгінуі және олар бойынша сот ісін жүргізу ерекшеліктері туралы шартқа сәйкес жүгінеді».

3. Статуттың 24-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 4 - б а п

1. Осы Статуттың 14-бабы 2-тармағының а) және б) тармақшаларында көзделген субъектілердің өтініштерін қарастыру үшін Сот Регламентте белгіленген тәртіпте құрамына Кеден одағына мүше мемлекеттер Сотының барлық судьялары кіретін Сот Алқасын құрады.

Сот Алқасының шешімі Сот шешімі болып табылады.

2. Осы Статуттың 14-бабы 2-тармағының в) тармақшасында көзделген субъектілердің өтініштері бойынша Кеден одағы шеңберінде істерді қарастыру және олар бойынша сот ісін жүргізу ерекшеліктері, сондай-ақ өзге де оның ішінде Сот шешімдерін шығаруға және орындауға байланысты мәселелер 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Кеден одағы шеңберіндегі даулар бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына жүгінуі және олар бойынша сот ісін жүргізу ерекшеліктері туралы шартпен реттеледі.

3. Сот осы баптың 1-тармағында көрсетілген өтініштер бойынша істерді қарау шеңберінде Регламентке сәйкес ерекше жағдайларда Сот тұрған жерден өзге жерде бір немесе бірнеше көшпелі отырыс өткізуі мүмкін.»;

4. Статуттың 25-бабының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өтініш бойынша Сот шешімі Сот өтінішті қабылдаған күннен бастап 3 айдан аспайтын мерзімде шығарылады.».

5. Статуттың 30-бабының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Статут қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады, ратификациялауға жатады және депозитарий үшінші ратификациялық грамотаны алған

күннен бастап күшіне енеді. Осы Статутты кейінірек ратификациялаған Тараптар үшін ол ратификациялық грамоталарды депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді».

## **2-бап**

1. Осы Хаттама ратификациялауға жатады және депозитарий үшінші ратификациялық грамотаны алған күннен бастап күшіне енеді. Осы Хаттаманы кейінірек ратификациялаған Тараптар үшін ол депозитарий ратификациялық грамоталарды алған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелуі тиіс.

2011 жылғы «10» қазанда Бішкек қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Беларусь Республикасы үшін Қазақстан Республикасы үшін*

*Қырғыз Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін*

*Тәжікстан Республикасы үшін*